

## ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Сақ-массагеттер парсы патшасы Кирді талқандаған жыл  
А) Б.з.б 430 ж.  
В) Б.з.б 530 ж.  
С) Б.з.б 330 ж.  
D) Б.з.б 500 ж.
2. Ортағасырлық Сауран, Созақ, Сайрам қалаларының орналасқан аймағы  
А) Оңтүстік Қазақстан  
В) Шығыс Қазақстан  
С) Батыс Қазақстан  
D) Орталық Қазақстан
3. 1907 жылы жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының авторы  
А) Шәкәрім Құдайбердіұлы  
В) Ыбырай Алтынсарин  
С) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы  
D) Шоқан Уәлиханов
4. XX ғасыр басында отаршыл өкімет билігінің атына жолданған ірі көлемді петиция  
А) «Әулиеата»  
В) «Қарқаралы»  
С) «Тайыншакөл»  
D) «Жымпиты»
5. Арабтарға қарсы күресте «Әбу Музахим» («Сүзеген») атанған Түргеш қағаны  
А) Білге  
В) Сақал  
С) Сұлу  
D) Үшлік
6. Бұланты өзені бойында болған шайқас  
А) «Қалмақ қырылған»  
В) «Шаңды жорық»  
С) «Бұқар-қазақ шайқасы»  
D) «Ақтабан шұбырынды»

7. XVI ғасырдың басында билік құрған
- A) Керей
  - B) Жәнібек
  - C) Қасым
  - D) Хақназар
8. Батыс Қыпшақ бірлестігі құрылған аумақ
- A) Дунайдан Ертіске дейін
  - B) Дунайдан Еділге дейін
  - C) Еділден Тарбағатайға дейін
  - D) Еділден Алтайға дейін
9. Ұлы Отан соғысы жылдарында тары өсіруде жоғары нәтижеге жеткен
- A) Ш. Берсиев
  - B) П. Ангелина
  - C) Н. Алпысбаева
  - D) А. Дацкова
10. 568 жылы түркілер мен Византия арасында әскери-сауда келісімі жасалды
- A) эфталиттерге қарсы
  - B) ойраттарға қарсы
  - C) жужандарға қарсы
  - D) парсыларға қарсы

**Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

## Ортағасырлық қалалар

### №1 мәтін

Сырдария бойында дәуірлеген қалалардың бірі – Сауран. Өз атауын сақтап қалған Сауранның қалдықтары Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 25 шақырым жерде жатыр. Қала туралы бірінші деректер X ғасырдан белгілі. X ғасырда өмір сүрген белгілі араб тарихшысы Макдиси қаланы былай деп сипаттаған: «Сауран (Сарван, Сабран) – бірінен кейін бірі 7 қабырғамен қоршалған үлкен қала, оның рабады бар, үлкен мешіт ішкі қалада орналасқан. Ол гүздер мен қыпшақтарға қарсы құрылған шегаралық бекініс – қамал». XV ғасырдың бірінші жартысында Жошы ұрпағы билігі кезінде Сауран тіпті Ақ Орданың астанасы болған. Қалада 1320 жылы қайтыс болған Ақ Орданың ханы Сасы – Бұқа жерленген. Астаналық орталық рөлін Сауран кейінгі кезде де сақтап келген. XV ғасырдың 80-жылдары қаланы алғашқы қазақ хандарының бірі Жәнібектің ұлы Иренші сұлтан билеген. XVI ғасырдағы Сауранды Рузбихан толық сипатталған.

*Байтақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – А., 1992, 82–83-б*

### №2 мәтін

Археологиялық зерттеулерге қарағанда, VI–IX ғасырларда Қазақстанның оңтүстік және Жетісудың оңтүстік-батыс аймақтарында қалалық мәдениет дамыған. Қытай жылнамаларында Испиджаб қаласының аты кезігеді. Бұл қала Махмұд Қашғаридің жазуына қарағанда Сайрам деп аталған. Қала қазіргі кезде де Сайрам деп аталады. Қала маңындағы қыстақтарда диқандар тіршілік еткен...Қалалар және олардың аймағындағы қыстақтар далада аудандардағы жартылай көшпелі мал өсірушілермен тікелей байланыста болған. Осы кезде (VI–IX ғ.ғ.) жоғарыда аталған аймақтар әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бет бұрады. Екіншіден, қала тұрғындарымен дала тұрғындарының арасында экономикалық байланыс дамиды.

*С. Жолдасбайұлы. Ежелгі және ортағасырдағы қазақ елінің тарихы. – Алматы, «Kitan» баспасы, 2010. 178–184-беттер*

11. №2 мәтін бойынша ортағасырлық Сайрам қаласы орналасқан аймағын анықтаңыз
- A) Батыс Қазақстан
  - B) Солтүстік Қазақстан
  - C) Шығыс Қазақстан
  - D) Оңтүстік Қазақстан

12. Мәнмәтін бойынша ортағасырларда Сауран қаласының гүлдену себебі
- A) Астаналық рөлді атқаруы
  - B) Византиямен сауданың дамуы
  - C) Жібек өндірісінің дамуы
  - D) Қазақ хандығының астанасы болды
13. №1 мәтін бойынша Сауран қаласының орналасқан аумағын анықтаңыз
- A) Оңтүстік Қазақстан
  - B) Батыс Қазақстан
  - C) Шығыс Қазақстан
  - D) Солтүстік Қазақстан
14. Мәнмәтін бойынша хронологиялық ретін анықтаңыз
1. Сауранды Рузбихан толық сипаттаған
  2. Жошы ұрпағы билігі кезінде Сауран Ақ Орданың астанасы болған
  3. Қала туралы бірінші деректер белгілі болды
- A) 3, 1, 2
  - B) 3, 2, 1
  - C) 2, 1, 3
  - D) 1, 3, 2
15. Мәнмәтін бойынша дұрыс дәйектерді анықтаңыз
- I. Орта ғасырлық қала маңындағы қыстақтарда диқандар тіршілік етпеген;
  - II. XII ғасырда өмір сүрген белгілі араб тарихшысы Макдиси Сауран қаласын сипаттаған;
  - III. Махмұд Қашғари Сайрам қаласы туралы жазған.
- A) I
  - B) I, II
  - C) I, III
  - D) III

## Қазақ–Қытай қатынастары

1756 жылдың жаз айында екі топқа бөлінген қытай әскерлері қазақ даласына басып кірді. Алғашқы шайқас 1756 жылдың мамырында Шаған Оба аумағында болды. Шайқаста қазақтар жеңіліп, батысқа қарай шегінді. Қарқаралы тауларындағы Жарлы өзенінің жағасына күш топтастырған қазақ әскері тағы да жеңіліске ұшырайды. Нұра өзенінің жағасында Қожаберген батыр мен Әмірсананың біріккен қолы да қытайларды тоқтата алмады. Осындай жағдайда Баянауыл тауларына әскер жинаған Абылай Бөгенбайды қолбасшы етіп, қытайға қарсы шайқасқа аттанды. Баянауылдың батысындағы Шідерті өзенінің бас жағында Цин әскерлері зор шығынға ұшырайды. Осы оқиғадан кейін бұл жер *Шүршітқырылған* деп аталып кетті.

Осы жылдың қазан айында Нияз таулары маңында Бөгенбай батырдың жасағы қытайлықтармен тағы да шайқасты. Қытайлықтардың «қазақтарды жылдам талқандаймыз» деген жоспары іске аспай, қазақ жерінен кейін шегініп кетті.

1757 жылдың жазында қытай әскері Тарбағатай таулары арқылы тағы да қазақ жеріне басып кірді. Олар біртіндеп Семей бекінісі орналасқан Ертіс бойына дейін жетті. Абылай, Әбілпайыз сұлтандар қытайлықтармен келіссөз жүргізіп, Цин империясымен бейбіт байланыс жасауға мүдделі екендіктерін білдірді. Қытайдың әскери басшылығы мұны мақұлдап, Пекинге қазақ елшілерін жіберуді ұсынды.

1757 жылдың қыркүйегінде Қытайға қазақ елшілері аттанды. Қазақтар Тарбағатайды қазақ қонысы ретінде мойындауын талап етті. Келісім дипломатиялық дәстүрді сақтай отырып жасалғандықтан, екі елдің арасындағы келісім ретінде тарихта қалды.

Абылай патша өкіметімен де, Қытаймен де бейбіт қатынастарды сақтауға күш салды. Ол өзінің бодандықты мойындайтынын мәлімдегенімен, іс жүзінде екі империяға да бағына қоймаған. Бұл–қазақ елін күшті жаулардан сақтау үшін Абылайдың қолданған саясаты еді.

16. Қытайлықтардың «қазақтарды жылдам талқандаймыз» деген жоспарының іске асуына тосқауыл қойған жасақ басшысы

- A) Тәуке
- B) Қабанбай
- C) Әбілпайыз
- D) Бөгенбай

17. Аягөз маңы, Ертіс бойы, Жарлы өзені, Шідерті өзені, Шаған Оба аумағында өткен шайқастарда Қытайдың көздегені

- A) Қазақ жерінде хан билігін жою
- B) Әскери дайындығын көрсету
- C) Қазақтың құнарлы жерлерлерін иелену
- D) Шыңжаң аймағын құру

18. Мәнмәтіндегі оқиғаның болған ғасырын анықтаңыз

- A) XVI ғасыр екінші жартысы
- B) XVIII ғасырдың екінші жартысы
- C) XVII ғасырдың бірінші жартысы
- D) XVII ғасырдың екінші жартысы

19. Мәнмәтін бойынша дұрыс дәйекті анықтаңыз

*I. Шідерті өзенінің бас жағында Цин әскерлері зор жеңіске жетті*

*II. Қазақтар Тарбағатайды қазақ қонысы ретінде мойындауын талап етті*

*III. Қытай және Қазақ елдерінің арасында дипломатиялық келісім жасалды*

*IV. 1761 жылдың жазында жоңғар әскері Тарбағатай таулары арқылы тағы да қазақ жеріне басып кірді*

*V. Қожаберген батыр мен Әмірсананың біріккен қолы да Қытай әскерінің шабуылына тосқауыл қойды*

- A) I, IV
- B) III, IV
- C) I, V
- D) II, III

20. Іс жүзінде екі империяға бағынғанымен, олардың билігін мойындамаған тұлға

- A) Абылай
- B) Бөгенбай
- C) Әбілмәмбет
- D) Әбілпайыз